



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚХР ТӨРАҒАСЫ СИ ЦЗИНЬПИНМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи Тяньцзинь шаһарында қонақжайлық танытқаны үшін Төраға Си Цзиньпинге алғыс айтты. Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысуға шақыруды зор ықыласпен қабыл алғанын жеткізді.

— Біз Сіздің еліңіздің осы ұйымға төрағалық етуін толық қолдаймыз. Ұйымның күн тәртібінде тұрған мәселелерді талқылау жұмысына белсене атсалысып жатырмыз. Сондай-ақ Сізді Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіс пен Қытайдың жапон

басқыншылығына қарсы соғыстағы жеңісінің 80 жылдығымен құттықтаймын. Сіздің еліңіз фашизмді жеңуге өлшеусіз үлес қосты. Қытай халқы соғыс жылдарында нағыз батылдық, шынайы отаншылдық, қайтпас қайсарлықтың озық үлгісін көрсетті. Мұны бәрі жақсы біледі және жоғары бағалайды, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің тікелей қолдауымен қазақ-қытай қатынасы бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып жатқанын зор ризашылықпен атап өтті. Бұл байланыс мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік рухында нығаюда. Былтыр екі ел арасындағы тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Бұл — ең жоғары көрсеткіш.

— Осы оң үрдіс биыл да сақталып отыр. Қытай — Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Ортақ ірі жобаларымыз жүзеге асырылып жатыр. Мен осы сапарымның аясында Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің отырысына қатысамын. Қытайдың бірқатар ірі компаниясының басшыларымен кездесемін. Быыл Қазақстанда Қытай туризмі жылы екенін ерекше көңілмен атап өткім келеді. Екі елдің мәдени-гуманитарлық ықпалдастығын нығайтуға қолайлы жағдай жасалған. Соның жарқын мысалы — Қазақстанда «Лу Бань зертханасының» екінші және үшінші филиалдары ашылатын болды. Бейжің қаласында Қазақстанның мәдениет орталығын ашу туралы шешіміңіз үшін Сізге зор алғыс айтамын, — деді Президент.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне және Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты іс-шараларға қатысуға ниет танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдірді. Оның айтуынша, Бейжің қазақ-қытай мәңгі әрі жан-жақты серіктестігін тереңдетуге айрықша мән береді.

— Араға екі ай салып қайта жүздесіп отырмыз. Бұл қытай-қазақ қатынастарының деңгейі жоғары әрі ерекше сипатта екенін көрсетеді. Сіздің төрағалығыңызбен екінші «Қытай — Орталық Азия» саммиті табысты өтті. Біз Қытай мен аймақ елдерінің ынтымақтастық рухына сай келетін және Қытай — Орталық Азия диалогының жаңа кезеңіне асатын маңызды құжаттар қабылдадық. Сондай-ақ қытай-қазақ қатынастарына тың серпін беретін жаңа стратегиялық уағдаластықтарға қол жеткіздік. Халықаралық ахуал қалай құбылатынына қарамастан, Қытай мен Қазақстан бір-біріне ердайым сенім артып, арқа сүйей алатын стратегиялық серіктестер. Екі ел тату көршілік және достық байланыстарға ерқашан бейіл. Біз ашықтық пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарынан айнымай, тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын құру бағытын ұстанамыз. Түпкі мүддеміз бен басты түйткілдерге қатысты мәселелерде бір-бірімізге жан-жақты қолдау көрсетуге әзірміз. Сонымен қатар қытай-қазақ қатынастарын мүлдем жаңа деңгейге көтеру үшін сан қырлы ынтымақтастығымызды кеңейтуге ниеттіміз, — деді Си Цзиньпин.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту жолдары қарастырылды. Тауар айналымын ұлғайтудың және көлік-логистика, энергетика, цифрландыру, жасанды интеллект, ауыл шаруашылығы салаларында ірі инвестициялық жобаларды іске асырудың маңызына назар аударылды.

Мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға сапары аясында Бейжіңде Қазақстанның мәдениет орталығы салтанатты түрде ашылды.

Мемлекет басшысы орталықтың пайдалануға берілуін қос халықтың рухани өміріндегі өте маңызды күн деп бағалады.

— Мұны, шын мәнінде, тарихи оқиға деуге болады. Бұл — қазақтың қытай халқына деген риясыз көңілі. Сондай-ақ қытай жұртының қазаққа білдірген достық пейілі. Ең алдымен, осы бастамаға қолдау көрсеткені үшін аса қадірлі Төраға Си Цзиньпин мырзаға зор алғыс айтамын. Қытай елінің Мәдениет және туризм министрі Сунь Ели мырзаға, сондай-ақ осы іске атсалысқан барша қытай және қазақ азаматтарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Осы салтанатты жиынға менің қытайлық ескі достарым, дипломаттар, кезінде маған сабақ берген ұстазым Лю Шичинь мырза және зиялы қауым қатысып отыр. Баршаңызға ыстық ықыласымды білдіремін. Мәдени-гуманитарлық байланысымыз берік болса, достығымыз да нығаю түседі. Өнер мен мәдениет — түрлі халықтың арасын жалғайтын алтын көпір, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент былтырдан бері Астанада Бейжің тіл және мәдениет университетінің филиалы жұмыс істей бастағанын жеткізді. Ал Қытайға жасаған осы сапары аясында елімізде Лу Бань зертханасының екінші және үшінші орталықтары ашылды.

— Жалпы, Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас өте жоғары қарқынмен дамуда. Біз ынтымақтастықтың екінші «Алтын 30 жылдығына» қадам бастық. Жоғары деңгейдегі кездесулер мен келіссөздер жыл сайын тиімді өткізілуде, екіжақты сауда көлемі ұлғаюда. Былтыр екі елдің тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Бұл — тарихымызда бұрын-соңды болмаған ең жоғары көрсеткіш. Был да өзара сауда қарқыны төмен болмайды деген болжам бар. Инвестициялық қарым-қатынас та ойдағыдай дамуда. Жалпы, Қытай Қазақстанның ең ірі сауда-инвестициялық серіктесі болып саналады. Халықаралық мәселелер бойынша қос елдің ұстанымдары ұқсас немесе бірдей деп күмәнсіз айтуға болады. Осының бәрі Қазақстан мен Қытай мәңгі стратегиялық серіктестер екенін айқын көрсетеді. Бұл үрдіс халқымыздың ұлттық мүддесіне сай келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, сапар барысында Қытай тарапы қазақ делегациясына ерекше көңіл бөліп, ыстық ықыласы мен қонақжайлығын көрсетті.

— Ресми сапарым ойдағыдай, табысты өтті деп санаймын. Біз Төраға Си Цзиньпин мырзамен мазмұнды және өте тиімді келіссөздер жүргіздік. Біз қос елдің әр саладағы ынтымақтастығы бойынша ортақ келісімге келдік. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың

болашағы жарқын болатынына зор сенім білдірдік, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі таңда Қазақстан экономикасы жақсы қарқынмен өсіп келе жатқанын айтты.

— Біз ірі экономикалық жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Быыл жалпы ішкі өнімді 300 миллиард долларға жеткізуді көздеп отырмыз. Көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, өңдеу өнеркәсібі, жасанды интеллект салаларына басымдық береміз. Осы ауқымды міндеттерді орындау үшін біз Қытай елімен ықпалдастықты дамытуға мүдделіміз. Ұлы дала мен Ұлы Қытай арасындағы рухани-мәдени байланыс ешқашан үзілген емес. Оны жалғастыра беру — аса маңызды міндет. Ұлттық мәдениет орталығы бұл істе айрықша рөл атқарады деп ойлаймын. Мұнда халқымыздың бай мұрасы мен салт-дәстүрі насихатталады. Сондай-ақ осы жерде екі елдің жастары озық білім игеру, жасампаз идеяларымен алмасу үшін кездесіп тұрады, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, руханият — әр халықтың дүниетанымы, болмысы, ішкі әлемінің көрінісі. Сондықтан төл мәдениетімізді дәріптейтін бұл рухани орда қазақ пен қытайдың өзара құрметі мен татулығын арттыра түсері сөзсіз.

— Қытайда ежелден айтылатын нақыл сөз бар: «Жалғыз ашқан гүл көктем болмайды, көктем барлық гүлдер құлпырғанда келеді». Әр алуан мәдениет, идея және өркениет тек өзара алмасу мен үйлесімді өмір сүру арқылы адамзат қоғамын өркендетеді және дамытады. Бүгін Бейжіңде Қазақ мәдени орталығының ашылуы — осы ұғымдардың жарқын көрінісі, — деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы ҚХР мәдениет және туризм министрі Сунь Елимен бірге Мәдениет орталығын аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа кітапхана, қазақ тілі, музыка және шығармашылық кабинеттері таныстырылды. Көрме залына Қазақстанның ежелгі саяқ дәуірінен бастап XX ғасырдың бас кезіне дейінгі тарихынан сыр шертетін экспонаттар мен артефактілер қойылған. Экспозиция археологияға, зергерлік бұйымдарға, қару-жарақ жасау өнеріне, ұлт аспаптарына және этнографияға арналған бес бөлімнен тұрады. Орталықтың кітапхана қорында қазақ, қытай, ағылшын және орыс тілдеріндегі мыңға жуық кітап бар.

Президент Мәдениет орталығында қазақ тілін үйреніп жүрген балалармен сөйлесті.

Қытай оқушылары домбырамен белгілі қазақ, қытай әуендерінен попури орындады. Сонымен қатар мәртебелі меймандар Бейжің қалаларына арналған киіз басудан шеберлік сабағын тамашалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның достары клубы өкілдерімен, бұрын елімізде қызмет еткен ҚХР елшілерімен әңгімелесті.

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІНІҢ СЕГІЗІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Қазақстанның тағдыр қосқан тату көршісі, жақын досы және мәңгілік стратегиялық серіктесі екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, ортақ тарих, терең байланыс пен өзара түсіністік — халықтарымызды біріктіретін мызғымас құндылықтар.

— Біздің елдеріміздің арасында ердайым терең сенім бар, қарым-қатынасымыз қарқынды және тиімді түрде дамуда. Байланыстарымыз жылдан жылға нығайып келеді. Соның арқасында елдеріміз берікәрі серпінді іскерлік қатынастардың іргетасын қалады. Қытай — жаһандық көшбасшы мемлекет, Қазақстанның түрлі бағыттағы, соның ішінде сауда саласындағы басты серіктесі. Бұл — Төраға Си Цзиньпиннің арқасы. Былтыр біздің елдеріміз арасындағы сауда айналымы 44 миллиард долларға жетті. Бұл — екі ел тарихында бұрын-соңды болмаған ең жоғары көрсеткіш. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмауымыз керек. Сондықтан қытайлық достарымызбен осы қарқынды одан әрі арттырып, алдағы бес жылда өзара сауда көлемін едәуір ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.



中哈企业家委员会第八次会议
ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІНІҢ VIII ОТЫРЫСЫ

Бұған әлеуетіміз жетеді. Мемлекет басшылары деңгейінде өзара саяси ерік-жігер мен ортақ ұмтылыс бар, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екі елдің инвестициялық ықпалдастығы да ұдайы кеңейіп келе жатқанына назар аударды.

— Қытай Қазақстан экономикасына 27 миллиард доллар инвестиция салды. Бұл, шын мәнінде, өте жақсы үдеріс. Сондықтан осы жұмыс табысты түрде жалғасады деп толық сеніммен айтуға болады. Біздің елімізде қытай капиталы бар 6 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында CNPC, CITIC, SINOPEC, HUAWAI сияқты әлемдік деңгейдегі мықты корпорациялар бар. Бұдан бөлек, ірі және

орта бизнес өкілдері жұмыс істейді. Біз барлығына ерекше көңіл аударып жатырмыз. Қытай Халық Республикасының Төрағасы, қадірлі досымыз Си Цзиньпин мырзамен бірге көп салалы қазақ-қытай ынтымақтастығын дамыту үдерісін үнемі бақылап отырмыз. Осы жолы Қытай тарапы мен бастаған қазақ делегациясына ерекше көңіл бөліп, ыстық ықыласымен қонақжайлық көрсетті. Ресми сапарым тиімді, ойдағыдай өтті деп санаймын. Төраға Си Цзиньпин мырзамен өткен келіссөздер нәтижесін өте жоғары бағалаймын. Елдеріміздің арасындағы қарым-қатынастың болашағы жарқын болатынына сенемін. Осыған орай, құрметті Си Цзиньпин Төрағаға қазақ-қытай байланыстарын нығайтуға қосып жатқан үлесі үшін шынайы ризашылығымды білдірдім, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі басқосу бизнес өкілдері арасындағы байланыстарды одан әрі нығайтуға зор септігін тигізеді анық.

— Қазіргі таңда Қазақстан

2-бет

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІНІҢ СЕГІЗІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Басы 1-бетте

тұрақты түрде дамып келеді. Біздің экономикамыз – Орталық Азиядағы ең ірі экономика. Жалпы, жыл сайынғы өсім қарқынды деп айтуға болады. Осы жылдың соңына қарай жалпы ішкі өнім 300 миллиард доллардан асады деген болжам бар. Бұл – экономиканы өртаратпандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және т.б. үшін қабылданған кешенді шаралардың нәтижесі. Сондай-ақ бұл – Қытаймен табысты қарым-қатынастың айқын көрінісі. Қазақстанда инвесторлардың құқықтары мен мүддесін қорғау үшін қолайлы жағдай жасалып жатыр. Осы мақсатпен Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа енгізіліп жатыр. Сонымен қатар Инвестициялық штаб жұмыс істеуде. Бұл құрылым шұғыл шешімдер қабылдап, инвесторларға жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетеді. Биылғы маусым айында Төраға Си Цзиньпин мырзаның Қазақстанға сапары барысында Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қойылды. Екі ел арасындағы өз-взаcсыз режим де іскерлік байланыстарды кеңейтуге тиімді ықпал етуде. Шын мәнінде, біздің стратегиялық серіктестігіміздің әлеуеті зор. Қолда бар мүмкіндіктерді толыққанды пайдалану қажет, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев өзара ынтымақтастықты одан әрі жандандырудың бірқатар басым бағыттарына тоқталды.

– Қазақстан Қытайдың жақын көршісі және сенімді серіктесі ретінде Төраға Си Цзиньпин ұсынған «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасын қолдайды және оны жүзеге асыруға белсене қатысады. Қытай мен Еуропа арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызы біздің жеріміз арқылы өтеді. Биыл «Достық – Мойын» темір жолының екінші желісі іске қосылады. Соның арқасында Қазақстан арқылы өтетін «Қытай – Еуропа» транзит дәлізінің жүк өткізу мүмкіндігі 5 есе артады. Сонымен бірге, Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағдарының әлеуетін кеңейтуге барышына атсалысуда. Былтыр осы бағыт бойынша 4,5 миллион тонна жүк өткізілді. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда 62 пайызға артық деген сөз. Біз осы саладағы жұмыс қарқынын одан әрі күшейте береміз. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 10 миллион тоннаға жеткізуді көздеп отырмыз. Каспийдегі Ақтау және Құрық порттары арқылы тасымалданатын жүктің көлемі белсенді түрде артып келеді. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында ірі инфрақұрылым жобалары іске қосылды. Соның ішінде Ляньюньган портындағы қазақ-қытай логистика терминалы және Сианьдағы құрғақ порт бар. Сондықтан қытай компанияларының көлік-транзит саласындағы жобаларға қатысуына мол мүмкіндік бар деп күмәнсіз айтуға болады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент энергетика саласындағы ықпалдастықты келесі басымдық ретінде атады.

– Атырау облысында Sinopec компаниясымен бірлесіп, полиэтилен шығаратын зауыттың құрылысы басталды. Ауқымды жобаның өндірістік қуаты – жылына бір миллион екі жүз елу мың тонна өнім. Зауыттың құрылысына 7,4 миллиард доллар қаражат салынбақ. Алдағы уақытта CNPC компаниясының қатысуымен Шымкент мұнай өңдеу зауытын жедел жаңғыртудан өткізу жоспарда бар. Біз жаңартылатын энергетикамен де айналысамыз. Бұл ретте, China Power International Holding және China Energy сияқты жетекші қытай компанияларының қатысуымен бірқатар жобаны қолға алмақпыз. Энергетика саласындағы тағы бір маңызды жоба – Маңғыстау облысындағы бу-газ қондырғысының құрылысы. Қуаты 160 мегаватт болатын жоба China Huadian Corporation ком-

паниясымен бірге жүзеге асырылады, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев атом энергетикасы саласына қытай технологиясын тартуға және осы бағытта білікті мамандар даярлауға мүдделі екенімізді жеткізіп, аталған саладағы ынтымақтастық мәселесі Төраға Си Цзиньпинмен кездесу кезінде егжей-тегжейлі талқыланып отырды.

– Бұл бағыт бойынша өзара ықпалдастығымыздың келешегі зор екенін атап өттік. Екі ел осы салада стратегиялық серіктестер болуы керек деп уағдаластық. Біз бұл жұмысқа CNNC компаниясын тартуды көздеп отырмыз. Бүгін осы компанияның басшылығымен кездесу болады. SANY компаниясы да біздің нарығымызда белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Бұл компанияларға ризашылығымыз білдіреміз. Дәстүрлі қуат көздерін дамыту – еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі жолы. Энергетика саласындағы бірлескен жобалардың барлығы біздің өзара тиімді ынтымақтастығымызды одан әрі нығайта түседі деп санаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан тау-кен металлургиясы кешенін дамыту үшін стратегиялық маңызы бар бірқатар жобаны жүзеге асырып жатыр.

– Бұл іске Қытайдың ірі компаниялары атсалысуда. Мысалы, Fujian Hengwang Investment компаниясының Жамбыл облысында металлургия зауытын салу жобасын атап өтуге болады. Зауыт жылына үш миллион тонна болат өндіруге мүмкіндік бермек. Ал Jiaxin International компаниясы Алматы облысындағы Бұғыты кенішінде вольфрам кенін өңдеу жобасын іске қосты. Құрылыс индустриясында қытайлық кәсіпкерлермен табысты байланыс орнатылды. Атап айтқанда, China Glass компаниясы Қазақстан үшін теңдесі жоқ шыны зауытының жобасын жүзеге асырды. Жақында Алматы қаласында автокөлік өндіретін мультибрендті зауыт іске қосылады. Зауыт жылына 120 мың көлік шығарады. Соның ішінде GWM (Great Wall Motor), Chery және Changan көліктері бар. Сонымен қатар Алматыда электробус шығаратын BYD компаниясының зауыты іске қосылмақ. Бұл жобалар Қазақстанның экономикасын өртаратпандыруға жол ашады. Сондай-ақ еліміздің экспорттық қуатын арттыруға мол мүмкіндік береді. Жалпы, осындай мысалдар көп, олардың барлығын атап өтуге ұзақ уақыт керек болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ауыл шаруашылығы саласындағы тиімді ынтымақтастықты нығайтуға орасан зор мүмкіндік бар екенін жеткізді.

– Қазақстан егістік көлемі бойынша әлемде алтыншы орында тұр. Сондай-ақ бидай экспорты бойынша ең ірі 10 елдің қатарына кіреді. Біз жыл сайын шетелге он миллион тоннадан астам бидай және екі миллион тоннаға жуық ұн жеткіземіз. Қытай нарығы еліміз үшін өте маңызды. Қазақстан жергілікті нарыққа жылына 2 миллион тоннаға дейін астық экспорттай алады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаумен қатар, өңдеу өнеркәсібін бірлесіп дамыту біз үшін ерекше маңызды. Бұл ретте, Dalian Group компаниясының Ақмола облысында бидайды терең өңдейтін кәсіпорын құру бастамасын толық қолдаймыз. Fufeng Group компаниясының Жамбыл облысындағы жүгері өңдеу жобасын құптаймыз. Зауыт өнімдері Қытай мен Еуропаға экспортқа жіберілетін болады. Біз қытайлық кәсіпкерлерді органикалық және жоғары сапалы мал шаруашылығы өнімдерін шығару жұмысына белсене қатысуға шақырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрландыру саласындағы Қытайдың жетістіктері бүкіл әлемге белгілі екенін атап өтіп, осы бағытта тығыз байланыста жұмыс істеуге

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДҚА БАРДЫ



Мемлекет басшысы Екінші дүниежүзілік соғыстағы және жапон басқыншылығына қарсы күрестегі Жеңістің 80 жылдығына орай Бейжіңдегі Тяньаньмэнь алаңында өткен әскери парадты тамашалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен бірге мінберде Еуропа, Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің жиырмадан астам мемлекет, сондай-ақ үкімет басшылары болды.

Парадқа 10 мыңнан астам жауынгерді қамтыған Қытай халық азаттық армиясының 45 әскери құрылымы қатысты.

Салтанатты шеруде құрлықта, теңізде және әуеде қолданылатын стратегиялық жаңа қару-жарақ түрлері алғаш рет көрсетілді.

Сонымен қатар 4-ші буын қаруының жаңа түрлері, ұшқышсыз ұшатын және ұшқышсыз аппараттарға қарсы қолданатын қорғаныс техникалары, бағытталған энергия қаруы мен басқа да ұрыс құралдары таныстырылды.

akorda.kz

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП

Қазіргі таңда қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық. Ол мемлекеттегі әділеттілікті әлсіретіп, халықтың билікке деген сенімін төмендетеді.

Жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықтың таралуына шенеуніктердің өз қызметін жеке пайдаcы үшін пайдалану әрекеттері себеп болады. Пара алу, қызметін асыра пайдалану, мемлекеттік қаражатты талан-таражға салу – мұның бәрі мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, экономикаға орасан зор зиян тигізеді.

Қазақстанда бұл дертпен күрес – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданып, мемлекеттік органдарда ашықтық пен есептілік жүйесі енгізілуде. «Адалдық алаңы», «Sapaly uraq» сияқты жобалар жастарды адалдық пен әділдікке тәрбиелеуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықпен тек заң арқылы ғана емес, халықтың құқықтық санасын арттыру арқылы да күресу қажет. Әрбір азамат пара бермеуді, заңсыз әрекетке жол бермеуді өзінен бастағаны жөн. Өйткені сыбайлас жемқорлыққа қарсы ең үлкен күш – халықтың белсенділігі мен әділдікті қолдауы.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, халықтың әл-ауқатына үлкен қауіп төндіретін құбылыс. Онымен күресу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат адалдықты ту еткенде ғана, әділетті әрі дамыған мемлекет құра аламыз.

Л.КОПАБАЕВА

Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты
мемлекеттік мекемесінің бас маманы

КОРРУПЦИЯ

ЗАКОН И ПОРЯДОК

Коррупция - это злоупотребление доверием, властью или должностью в целях личной выгоды или получения незаконных преимуществ. Она может проявляться в различных формах, включая взятничество, подкуп, махинации с государственными средствами, недобросовестные действия в сфере бизнеса или государственного управления, а также другие виды.

Коррупция

Борьба с коррупцией требует совместных усилий как государственных органов, так и гражданского общества. Активное участие граждан в этом процессе существенно повышает эффективность мер по противодействию коррупции и способствует созданию более справедливого и прозрачного общества.

С уважением,

Управление государственных доходов Ескельдинского района

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға айрықша көңіл бөлінді. Ауыл шаруашылығы саласы азық-түлік қауіпсіздігін, халықты жұмыспен қамтуды және еліміздің экспорттық әлеуетін нығайтуды қамтамасыз ететін экономиканың негізгі секторларының бірі ретінде қарастырылады. Үкімет Мемлекет басшысының 2024 жылғы Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау аясында ауыл шаруашылығында технологиялық жаңғыртуды, қайта өңдеуді тереңдетуді және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту саясатын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Мемлекет басшысының Жолдауы және өзге де тапсырмаларында қойылған міндеттердің орындалу барысы туралы толық ақпаратты Primeminister.kz сайтында жарияланған шолудан оқыңыздар.

Тұрақты өсімен жаңғыртуға: агроөнеркәсіп кешені қалай дамып келеді

Агроөнеркәсіп кешені тұрақты даму қарқынын көрсетіп отыр. Бұл мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін және Президент тапсырмаларын жүзеге асыруда Үкіметтің жүйелі жұмысын айғақтайды. 2025 жылғы қаңтар–шілде аралығында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 3,7%-ға өсіп, 2,4 трлн теңгеге жетті. Өсім мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемінің артуы есебінен қамтамасыз етілді.

Қайта өңдеу саласы озық даму қарқынын көрсетіп отыр: азық-түлік өнімдерінің өндірісі 9,2%-ға өсіп, 2,13 трлн теңгені құрады, сусындар өндірісі 6,8%-ға (692,4 млрд теңге) артты. Өсімдік майының өндірісі (+24%), сары май (+10,4%), шұжық өнімдері (+9%), ұн өндірісі (+6,6%) өсті.

Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар 442,7 млрд теңгеге (+26,5%) жетті, азық-түлік өнімдері өндірісіне салынған инвестициялар 104,2 млрд теңгені (+48%) құрады. Бұл ресурстар саланы жаңғыртуға және заманауи технология енгізуге бағытталды.

«Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиеге көшудің және коммерциялық банктердің қаражатын тартудың маңызын атап өтті. Осының нәтижесінде 2024 жылдан бастап жылдық ставкасы 5%-дан аспайтын жеңілдетілген несие беру бағдарламасы іске қосылды. Бұл бюджет пен жеке қаражат көздерінің ресурстарын біріктіру арқылы мүмкін болды», — деп атап өтті ҚР ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров.

Мемлекеттік қолдау жүйелі түрде сақталып келеді. 2025 жылы көтемгі есік және егін жинау жұмыстарына жеңілдетілген несие көлемі 700 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2014 жылы – 70 млрд теңге). Алдағы жылдары бұл қаржыландыру көлемі 1 трлн теңгеге жеткізілмек. Егіс науқанына қаржыландыру 2024 жылдың қараша айынан басталды, бұл шаруаларға алдын ала дайындалуға мүмкіндік берді.

Жылдық 5% мөлшерлемемен ауыл шаруашылығы техникасын жеңілдетілген лизингке беру бағдарламасы іске қосылды. Ол жалпы құны 250 млрд теңгені құрайтын кемінде 6 мың дана техниканы сатып алуды қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, қайта өңдеушілерге айналым қаражатын қаржыландыру үшін 44 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді.

Негізгі тетіктермен қатар арнайы қолдау бағдарламалары да жүзеге асырылуда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы кооперативтерге, соның ішінде өнімді қайта өңдеуге, 5 жылға дейінгі мерзімге 2,5% жеңілдетілген несие береді. «Кең дала» бағдарламасы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен қайта өңдеушілерге 5% мөлшерлемемен қаржыландыру ұсынады. «Агробизнес» бағдарламасы бюджет, Ұлттық қор және жеке инвестициялар есебінен

2024 ЖЫЛҒЫ ЖОЛДАУ: ПРЕЗИДЕНТТІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

өндірісті жаңғыртуға, құрылыс жүргізуге және айналым қаражатын толықтыруға жағдай жасайды. Мұндай кешенді шаралар ауыл шаруашылығы саласындағы әр шаруашылықтың ерекшелігіне қарай ең тиімді шарттарды таңдауға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығы: стратегиялық сала және дамудың жаңа тетіктері

Мал шаруашылығы – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды сала. Ол АӨК-тің жалпы өнімінің шамамен 40%-ын құрайды. 2025 жылдың қаңтар–шілде айларында өндіріс көлемі 3,4%-ға өсіп, 2 трлн теңгеге жуықтады. Ет өндірісі 2%-ға артты (608,8 мың тонна), сүт өндіру көлемі 6,5%-ға ұлғайды (2,25 млн тонна).

Мал мен құс саны да тұрақты көбейіп келеді: ірі қара – 8,7 млн бас (+0,3%), жылқы – 4,6 млн (+6,7%), түйе – 300 мың (+3,9%), құс – 48 млн (+6,6%). Осы ретте қой басы 3,7%-ға кемігені байқалады (21,1 млн бас).

Қазақстанның экспорттық әлеуеті нығайып келеді: 2025 жылдың алғашқы бес айында сиыр еті экспорты 2,5 есеге (12,3 мың тонна), қой еті 2,6 есеге (9,2 мың тонна) көбейді. Алғаш рет 797 тонна шошқа еті сыртқа шығарылды. Бұл нәтижелер отандық өнімнің бәсекеге қабылетті екенін және халықаралық нарықта жоғары сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Сүт өндіру саласына айрықша көңіл бөлініп отыр. 2023–2025 жылдары жылына 300 мың тоннадан астам өнім беретін 48 сүт тауарлы фермасы салынды. Жаңа фермалардағы орташа жылдық сауым 8,2 мың литрге жетсе, алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда бұл көрсеткіш 11 мың литрге дейін барады. Бұл деңгей Еуропаның жетекші елдеріне сай келеді. 2024 жылы 688 мың тонна сүт өндірілді (2022 ж. +32%). 2025 жылы тағы 32 кешен іске қосылып, қосымша 152 мың тонна өнім алу жоспарланған.

«Етті ірі қара мал шаруашылығында несие таза 5%-бен беріледі. Қаржыландыру көлемі 50 млрд теңге. Ал биыл өңдеу кәсіпорындарының айналым қаражатын жеңілдетілген несиеге бағытына 44 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар фермерлердің көпшілігі қолжетімділігі мәселесін шешу үшін несие сомасының 85%-ына дейін кепілдік беру бағдарламасы жүзеге асырылуда», – деді Айдарбек Сапаров.

2025 жылғы 1 тамыздан бастап бордақылау алаңдарын жылдық мөлшерлемесі 5% жеңілдетілген несиеге бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарламаға 50 млрд теңге бөлінді. Бұл бағдарлама өндірістік қуаттарды 60%-дан астам деңгейде пайдалануға және шығарылатын өнімнің кемінде жартысын ішкі нарыққа өткізуге жағдай жасайды.

Аустралиялық үлгі бойынша ет кластерлері дамып келеді. 2024 жылы 9 млрд теңгеге төрт жоба қаржыландырылса, 2025 жылға жалпы құны 21,7 млрд теңгені құрайтын он басым жоба айқындалды. Түркістан облысында түйіршіктелген жем өндіретін зауыт пен 15 мың басқа арналған бордақылау алаңы іске қосылды. Бұл жобалар «жемшөптен қайта өңдеуге дейінгі» толық тізбекті қалыптастырудың негізін қалайды.

Соңғы бес жылда құс еті бойынша импортқа тәуелділік 42%-дан 20%-ға дейін төмендеді. 2024 жылы Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында жылына 15,9 мың тонна ет өндіруге қуатты алты құс фабрикасы іске қосылды. Негізгі міндет – бұл бағытта елді толықтай өз өнімімізбен қамтамасыз ету.

Осылайша, Қазақстандағы мал шаруашылығы тұрақты даму

қарқынын көрсетіп отыр: ішкі өндіріс көлемі артып, экспорттық әлеуеті нығайып келеді, жаңа қолдау тетіктері енгізілуде және әлемдік деңгейдегі кластерлер құрылуда. Бұл саланы бүкіл агроөнеркәсіп кешенінің басты өсім нүктелерінің біріне айналдырады.

Өсімдік шаруашылығы: егісті әртараптандыру және жаңа өнімділік стандарттары

Қазақстандағы өсімдік шаруашылығы өндірістің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған жүйелі трансформациядан өтуде. Саланың негізгі міндеті – егіс алқаптарын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу. Биыл бидай алқабы 884,6 мың гектарға қысқарып, 12,3 млн гектарды құрады, ал майлы дақылдардың көлемі 1 млн гектарға ұлғайып, 4 млн гектарға жетті.

Сонымен қатар қант қызылшасының егіс құрылымын оңтайландыру жұмыстары жүргізілуде.

«Мемлекет басшысы жыл сайын 150 мың гектарға дейін су үнемдейтін технологияларды енгізуді тапсырған болатын. 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл жоспар артығымен орындалып, 158 мың гектарды құрады. Ал биыл су үнемдейтін технологияларға қазірдің өзінде 109,8 мың гектар алқапқа енгізілді. Жалпы су үнемдейтін технологиялар қолданылатын жер көлемі 580 мың гектарға ұлғайды», — деді Айдарбек Сапаров.

2024 жылы фермерлер 25,2 млн тонна астық жинап, бұрын-соңды болмаған рекордқа қол жеткізді. Оның ішінде 18,6 млн тоннасы бидай. Орташа өнімділік гектарына 14,2 центнер. Мұндай жоғары нәтижеге енгізілген тыңайтқыш көлемінің екі есеге ұлғаюы (2023 ж. 1,3 млн тонна) айрықша ықпал етті. Биыл бұл көрсеткішті 1,9 млн тоннаға жеткізу жоспарланған.

Тұқым шаруашылығына және материалдық-техникалық базаны жаңартуға айрықша назар аударылып отыр. 2025 жылы элиталық тұқымдардың үлесін жалпы егіс көлемінің 10,5%-ына дейін жеткізу, ал ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін 6,5%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Тек 2023 жылдың өзінде ғана шаруалар 22 мың бірлік техника сатып алды, бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен жоғары.

Фермерлер үшін елеулі қолдау құралы болып субсидиялау шаралары қала береді. Мемлекет элиталық тұқымдар құнын 70%-ға дейін, отандық өндірістері минералды тыңайтқыштардың құнын 60%-ға дейін өтейді, сондай-ақ пестицидтер шығынын 50%-ға және биопрепараттар шығынын 40%-ға өтемақылдайды. 2025 жылы басым дақылдарды субсидиялауға 25,8 млрд теңге бөлініп, бұл фермерлерге өнімділікті арттыру үшін қосымша ресурс береді.

Жүйелі шаралар 2024–2028 жылдарға арналған Жол картасында бекітілген. Онда ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін екі еселеу көзделген. Негізгі басымдық бидайдың монокультурасын және суармалы егіншілікті көп қажет ететін күріш пен мақта сияқты дақылдарды қысқартуға берілген. Сонымен қатар майлы, көкөніс-бақша және малазықтық дақылдардың егіс алқаптарын ұлғайту қарастырылған. Мұндай тәсіл өндірістің тиімділігін арттырып, мал

шаруашылығының жем-шөп қорын нығайтуға мүмкіндік береді.

Селекция мен тұқым шаруашылығын дамытуға арналған Кешенді жоспар аясында ауыл шаруашылығы дақылдарының кемінде 109 жаңа сорты мен будандарын шығару көзделген. 2024 жылы 52,3%-ды құраған отандық селекция тұқымдарымен

егілетін алқаптардың үлесін 2028 жылға қарай 78,2%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Осы мақсатта ұсынылатын сорттардың Мемлекеттік тізілімі қалыптастырылып, ұлттық тұқымдардың генетикалық банкі құрылуда. Бұл ішкі селекция нәтижелерін бекітіп қана қоймай, сонымен қатар отандық өсімдік шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттыруға жол ашады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу – несиеден жаңғыртудың кешенді жоспарларына дейін

Ауыл шаруашылығы өнімдерін терең қайта өңдеу аграрлық саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Президенттің тапсырмасына сәйкес, агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнімнің үлесі 70%-ға жеткізілуі тиіс. Осы мақсатта мемлекеттік қолдаудың кешенді шаралары іске асырылуда.

2024 жылы АӨК өнімдерін экспорттау көлемі \$5,1 млрд болды, оның 52%-ы қайта өңделген өнімге тиесілі. Бұл \$2,6 млрд құрайды, ал былтыр бұл көрсеткіш 43% болған, бұл отандық қайта өңдеу саласының тұрақты даму қарқыны мен бәсекеге қабылеттілігінің артып келе жатқанын дәлелдейді.

Қазақстанда қайта өңдеу саласында шамамен екі мың кәсіпорын жұмыс істейді, олардың ішінде сүт (18,8%), ет (18,5%), астық (17,4%) және май-шикізат (12,5%) салалары көш басында. 2024 жылы 41,5 млрд теңге көлемінде 51 инвестициялық жоба жүзеге асырылды.

2025 жылы бизнеске қолдау көрсету мақсатында қайта өңдеу кәсіпорындарын айналым қаражатын толықтыру үшін жылдық мөлшерлемесі 5%-бен жеңілдетілген несие беру жалғастырылды.

Осы мақсаттарға 44 млрд теңге бөлінді. 60-тан астам өтінім мақұлданып, 26 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Қайта өңдеу кәсіпорындарын салу немесе жаңғыртуға инвестициялық субсидиялау жұмыс істейді. Бұл мақсатта шығынның 15–50%-ын өтеу қарастырылған. Қант саласында өтемақының көлемі 40%-ға дейін артты, жұмыртқа өңдеуде субсидия 40%-ға дейін енгізілді, ал сүт саласында құрғақ сүт пен сарысу жабдықтарына шығынның 25%-ына дейін өтемақы қарастырылған.

Кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлінуде. Осы мақсатта тұрақты жеткізілімді қамтамасыз ететін сүт фермалары, қой шаруашылығы кәсіпорындары және қабылдау пункттері желісі құрылады. Фермерлерге қолдау қайта өңдеуге тапсырылған жұқа және жартылай жұқа жүн көлеміне субсидиялау арқылы да көрсетіледі, бұл бір жағынан өндірушілердің шығындарын азайтып, екінші жағынан қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын толық пайдалануына мүмкіндік береді.

Ішкі нарықты қорғау мақсатында шикізатты экспортқа шығаруға шектеулер енгізілген: майлы дақыл тұқымдарын шығаруға баж салығы қолданылып, тірі мал экспорты квоталанған, сондай-ақ тері мен жүн шығаруға шектеулер қойылған. Бұл шаралар шикізат қорын ел ішінде сақтап, оны қайта өңдеуге бағыттап, елде қосылған құн қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылым және инновациялар: АӨК жаңғыртудың негізі

Президенттің тапсырмаларын

шаруашылығының жем-шөп қорын нығайтуға мүмкіндік береді.

Селекция мен тұқым шаруашылығын дамытуға арналған Кешенді жоспар аясында ауыл шаруашылығы дақылдарының кемінде 109 жаңа сорты мен будандарын шығару көзделген. 2024 жылы 52,3%-ды құраған отандық селекция тұқымдарымен

егілетін алқаптардың үлесін 2028 жылға қарай 78,2%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Осы мақсатта ұсынылатын сорттардың Мемлекеттік тізілімі қалыптастырылып, ұлттық тұқымдардың генетикалық банкі құрылуда. Бұл ішкі селекция нәтижелерін бекітіп қана қоймай, сонымен қатар отандық өсімдік шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттыруға жол ашады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу – несиеден жаңғыртудың кешенді жоспарларына дейін

Ауыл шаруашылығы өнімдерін терең қайта өңдеу аграрлық саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Президенттің тапсырмасына сәйкес, агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнімнің үлесі 70%-ға жеткізілуі тиіс. Осы мақсатта мемлекеттік қолдаудың кешенді шаралары іске асырылуда.

2024 жылы АӨК өнімдерін экспорттау көлемі \$5,1 млрд болды, оның 52%-ы қайта өңделген өнімге тиесілі. Бұл \$2,6 млрд құрайды, ал былтыр бұл көрсеткіш 43% болған, бұл отандық қайта өңдеу саласының тұрақты даму қарқыны мен бәсекеге қабылеттілігінің артып келе жатқанын дәлелдейді.

Қазақстанда қайта өңдеу саласында шамамен екі мың кәсіпорын жұмыс істейді, олардың ішінде сүт (18,8%), ет (18,5%), астық (17,4%) және май-шикізат (12,5%) салалары көш басында. 2024 жылы 41,5 млрд теңге көлемінде 51 инвестициялық жоба жүзеге асырылды.

2025 жылы бизнеске қолдау көрсету мақсатында қайта өңдеу кәсіпорындарын айналым қаражатын толықтыру үшін жылдық мөлшерлемесі 5%-бен жеңілдетілген несие беру жалғастырылды.

Осы мақсаттарға 44 млрд теңге бөлінді. 60-тан астам өтінім мақұлданып, 26 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Қайта өңдеу кәсіпорындарын салу немесе жаңғыртуға инвестициялық субсидиялау жұмыс істейді. Бұл мақсатта шығынның 15–50%-ын өтеу қарастырылған. Қант саласында өтемақының көлемі 40%-ға дейін артты, жұмыртқа өңдеуде субсидия 40%-ға дейін енгізілді, ал сүт саласында құрғақ сүт пен сарысу жабдықтарына шығынның 25%-ына дейін өтемақы қарастырылған.

Кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлінуде. Осы мақсатта тұрақты жеткізілімді қамтамасыз ететін сүт фермалары, қой шаруашылығы кәсіпорындары және қабылдау пункттері желісі құрылады. Фермерлерге қолдау қайта өңдеуге тапсырылған жұқа және жартылай жұқа жүн көлеміне субсидиялау арқылы да көрсетіледі, бұл бір жағынан өндірушілердің шығындарын азайтып, екінші жағынан қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын толық пайдалануына мүмкіндік береді.

Ішкі нарықты қорғау мақсатында шикізатты экспортқа шығаруға шектеулер енгізілген: майлы дақыл тұқымдарын шығаруға баж салығы қолданылып, тірі мал экспорты квоталанған, сондай-ақ тері мен жүн шығаруға шектеулер қойылған. Бұл шаралар шикізат қорын ел ішінде сақтап, оны қайта өңдеуге бағыттап, елде қосылған құн қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылым және инновациялар: АӨК жаңғыртудың негізі

Президенттің тапсырмаларын

шаруашылығының жем-шөп қорын нығайтуға мүмкіндік береді.

Селекция мен тұқым шаруашылығын дамытуға арналған Кешенді жоспар аясында ауыл шаруашылығы дақылдарының кемінде 109 жаңа сорты мен будандарын шығару көзделген. 2024 жылы 52,3%-ды құраған отандық селекция тұқымдарымен

егілетін алқаптардың үлесін 2028 жылға қарай 78,2%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Осы мақсатта ұсынылатын сорттардың Мемлекеттік тізілімі қалыптастырылып, ұлттық тұқымдардың генетикалық банкі құрылуда. Бұл ішкі селекция нәтижелерін бекітіп қана қоймай, сонымен қатар отандық өсімдік шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттыруға жол ашады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу – несиеден жаңғыртудың кешенді жоспарларына дейін

Ауыл шаруашылығы өнімдерін терең қайта өңдеу аграрлық саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Президенттің тапсырмасына сәйкес, агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнімнің үлесі 70%-ға жеткізілуі тиіс. Осы мақсатта мемлекеттік қолдаудың кешенді шаралары іске асырылуда.

2024 жылы АӨК өнімдерін экспорттау көлемі \$5,1 млрд болды, оның 52%-ы қайта өңделген өнімге тиесілі. Бұл \$2,6 млрд құрайды, ал былтыр бұл көрсеткіш 43% болған, бұл отандық қайта өңдеу саласының тұрақты даму қарқыны мен бәсекеге қабылеттілігінің артып келе жатқанын дәлелдейді.

Қазақстанда қайта өңдеу саласында шамамен екі мың кәсіпорын жұмыс істейді, олардың ішінде сүт (18,8%), ет (18,5%), астық (17,4%) және май-шикізат (12,5%) салалары көш басында. 2024 жылы 41,5 млрд теңге көлемінде 51 инвестициялық жоба жүзеге асырылды.

2025 жылы бизнеске қолдау көрсету мақсатында қайта өңдеу кәсіпорындарын айналым қаражатын толықтыру үшін жылдық мөлшерлемесі 5%-бен жеңілдетілген несие беру жалғастырылды.

Осы мақсаттарға 44 млрд теңге бөлінді. 60-тан астам өтінім мақұлданып, 26 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Қайта өңдеу кәсіпорындарын салу немесе жаңғыртуға инвестициялық субсидиялау жұмыс істейді. Бұл мақсатта шығынның 15–50%-ын өтеу қарастырылған. Қант саласында өтемақының көлемі 40%-ға дейін артты, жұмыртқа өңдеуде субсидия 40%-ға дейін енгізілді, ал сүт саласында құрғақ сүт пен сарысу жабдықтарына шығынның 25%-ына дейін өтемақы қарастырылған.

Кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлінуде. Осы мақсатта тұрақты жеткізілімді қамтамасыз ететін сүт фермалары, қой шаруашылығы кәсіпорындары және қабылдау пункттері желісі құрылады. Фермерлерге қолдау қайта өңдеуге тапсырылған жұқа және жартылай жұқа жүн көлеміне субсидиялау арқылы да көрсетіледі, бұл бір жағынан өндірушілердің шығындарын азайтып, екінші жағынан қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын толық пайдалануына мүмкіндік береді.

Ішкі нарықты қорғау мақсатында шикізатты экспортқа шығаруға шектеулер енгізілген: майлы дақыл тұқымдарын шығаруға баж салығы қолданылып, тірі мал экспорты квоталанған, сондай-ақ тері мен жүн шығаруға шектеулер қойылған. Бұл шаралар шикізат қорын ел ішінде сақтап, оны қайта өңдеуге бағыттап, елде қосылған құн қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылым және инновациялар: АӨК жаңғыртудың негізі

Президенттің тапсырмаларын

орындаудағы маңызды бағыттардың бірі – аграрлық ғылымды дамыту және инновацияларды енгізу. Осы мақсатта Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы (ҰАТО) базасында білім, ғылым және бизнесті біріктіретін вертикалды интеграцияланған агротехнологиялық хаб құрылуда.

Қазіргі таңда оның құрамына 33 ұйым – университеттер, ғылыми-зерттеу институттары және тәжірибелік шаруашылықтар кіреді.

Ғылыми салаға қаржылық қолдау жүйелі сипатқа ие: 2025 жылы ҰАТО ны негізгі қаржыландыру көлем 2,6 млрд теңгеге артты, ал 2024–2026 жылдары бағдарламалық мақсатты қаржыландыруға жыл сайын 9,6 млрд теңге бағытталды. Бұл ауыл шаруашылығы кешенінің барлық негізгі бағыттарын – мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығынан бастап қайта өңдеу, ветеринария және органикалық егіншілікке дейін қамтитын ұзақ мерзімді ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заманауи зерттеу зертханаларын құруға және халықаралық ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлінуде. 2024 жылдан бастап Қазақстанда Қытаймен бірлескен биологиялық қауіпсіздік зертханасы және дән сапасын анықтайтын зертхана жұмыс істей бастады. 2025 жылғы маусымда органикалық өнімдерді сертификаттау орталығы және халықаралық санитарлық және ветеринарлық стандарттарға сәйкес тамақ қауіпсіздігі зертханасы ашылды. Бұл орталықтар пестицид қалдықтары, микотоксиндер, ауыр металдар және антибиотиктерді талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, «жасыл» өндіріс стандарттарын енгізуге жол ашады.

2024 жылы Ақтөбе облысында Жылқы шаруашылығы және жем-өндіру институтының құрылуы маңызды оқиға болды. Оның қызметі – жылқы тұқымдарын жетілдіру және отандық жем базасын дамытуға бағытталған.

Маңызды ғылыми жобалар қатарына ауыл шаруашылығы өнімдерін генетикалық паспорттау, климатқа бейімделген егіншілік және сенсорлар, дрондар мен AI-мониторинг жүйелерін қолданатын «ақылды фермалардың» цифрлық модельдері кіреді.

Қытай, Нидерланды, АҚШ, Франция, Ұлыбритания және басқа елдердің ғылыми орталықтарымен халықаралық ғылыми ынтымақтастық жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларын орындау аясында әлеуметтік сала мен еңбек нарығын сапалы трансформациялауға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Үкіметтің басты назары Жолдаудың негізгі қағидаттарын іс жүзіне асыруға бағытталған. Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету шеңберінде мемлекеттік қолдаудың проактивті және атаулы моделіне көшу жүзеге асырылып жатыр, барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктері бар инклюзивті орта қалыптастырылуда. Экономикалық өсуге жәрдемдесу мақсатында нәтижелі жұмыспен қамтуды ынталандыру, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және сапалы жұмыс орындарын құру жөніндегі шаралар кешені жүзеге асырылуда. «Заң мен тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуде, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуде және сындарлы әлеуметтік әріптестікті дамытуда көрініс табады.

Мемлекет басшысының Жолдауында және өзге де тапсырмаларында қойылған міндеттерді жүзеге асыру барысы туралы толығырақ Primeminister.kz сайтындағы шолудан оқыңыз.

Әлеуметтік қолдаудың трансформациясы: атаулы бағыт, проактивтілік және цифрландыру

Мемлекет жыл сайын шамамен 4,5 млн адамды төлемдермен қамти отырып, өзінің әлеуметтік міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындап отыр. Биылғы 7 айда жоспарланған 6 трлн теңгенің 3,4 трлн теңгесі төленді. Оның ішінде:

- 2,5 млн зейнеткердің 2,5 трлн теңге сомасында зейнетақысы;
- жалпы сомасы 382 млрд теңге болатын 542 мың азаматқа арналған мүгедектігі жөніндегі және 195 мың отбасыға арналған асыраушысын жоғалтқанына байланысты жәрдемақы;
- 613 мыңнан астам көпбалалы отбасыға және 243 мың марапатталған аналарға арналған 354,5 млрд теңге төлемдер;
- 200 мыңнан астам отбасыға арналған бала тууына және бала күтіміне қатысты берілетін 61,8 млрд теңге жәрдемақы;
- 102 млрд теңге көлемінде өзгедей де төлемдер.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әлеуметтік қолдаудың атаулы бағыты күшейтілді. Негізгі өзгеріс санаттарға бөлу қағидатынан нақты қажеттілік критерийлеріне көшу туралы болды. Ол үшін әр отбасының әл-ауқатын объективті бағалауға мүмкіндік беретін скорингтік модель жасалды. Жаңа тәсілдер ендігісі Шымкент пен Қарағанды облысында сынақтан өткізілуде.

«Біз мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін қысқартпаймыз. Аталған өзгерістер зейнетақыға, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақыға және республикалық бюджеттен төленетін басқа да төлемдер сияқты мемлекеттік көпіндіктерге еш әсер етпейді. Біз жергілікті деңгейде көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың атаулылығы мен ашықтығын күшейтеміз», — деп түсіндірді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова.

Атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК)

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТІК САЯСАТТЫҢ ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАРЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

тағайындау кезінде енді медианалық табыс көрсеткіші қолданылады, сондай-ақ отбасының кірістері ғана емес, шығыстары да ескеріледі. АӘК-ке осы жеті айда 18,6 млрд теңге төленген, оны 48 мың мұқтаж отбасы алды. Еңбекке қабілетті азаматтар үшін көмек әлеуметтік келісімшарт талпарында көрсетіледі: биыл оны алушы 8,3 мың адам отбасылық табысын арттыру үшін жұмысқа орналастырылды.

Атаулы және белсенді көмектің технологиялық негізі — «Бірыңғай цифрлық платформа және Отбасы картасы». Оның мақсаты — бюрократия мен адами факторды болдырмау үшін әлеуметтік көмектің барлық түрлеріне арналған бірыңғай «сандық терезе» құру. Платформа әртүрлі мемлекеттік жүйелердегі деректерді талдайды және қай отбасының қолдауға мұқтаж екенін өз бетінше анықтайды.

Жүйеге бүгінде 128 Отбасын қолдау орталығының қызметі кіріктірілген, ал жұмысқа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, полиция және пробация қызметі салаларынан 32 мыңнан астам мобильді топ мамандары жұмылдырылған. Осы цифрлық экосистемнің арқасында өмірлік қиын жағдайға тап болған 4 мың отбасы қазірдің өзінде толық көшенді қолдауға ие болып отыр.

Инклюзивті орта қалыптастыру: қолжетімділік, сапа және тең мүмкіндіктер

Инклюзивті ортаны қалыптастыру жөніндегі жұмыс — Мемлекет басшысының Жолдауда белгілеген Әділ Қазақстан қағидатын іс жүзінде асыруға бағытталған әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі. Осы мақсатта мүгедектігі бар адамдарды қоғам өміріне толыққанды интеграциялауға бағытталған 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы жүзеге асырылуда.

Мұндағы негізгі құрал — «Әлеуметтік қызметтер порталы», ол маркетплейс ретінде жұмыс істеп, мүгедектігі бар адамдарға оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше таңдау құқығын береді. Бүгінде портал арқылы 345 мыңға жуық техникалық оңалту құралдары (ОТҚ) ұсынылды, бұл жалпы қажеттіліктің 72,5%-ын жабады. Портал толығымен жаңғыртылды: нашар көретіндерге арналған нұсқа жасалды, санаторийлердің қолжетімділігі туралы деректерді қарауға болады, медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) бөлімдеріне онлайн-тіркелуге мүмкіндік бар, ал жақын арада инвентаризация қызметтерін жеткізушіні таңдау функциясы пайда болмақ, оны биыл 18,6 мың азамат пайдаланып үлгерді. ОТҚ-мен қамтамасыз ету тетігі де өзгеруде: олар уақытша және тегін пайдалануға берілетін болады, ал олардың жағдайын әлеуметтік-техникалық сараптама қызметі тексеріп отырмақ. Мұндай құралдардың құнын өтеуге кепілдік берілген соманы есептеу



кезінде объективті болу үшін енді электрондық маркетплейстер мен Порталдан алынған мәліметтер ескерілетін болады. Сондай-ақ, жеке көмекшілердің санаттары кеңейтілді: енді олардың қатарына егде жастағы ерлі-зайыптылардың бірі кіреді, бұл ретте көмектің жеделдігін қамтамасыз ету үшін олардың қамқорындағы адаммен бір елді мекенде тұру шарты енгізілді.

Сонымен қатар кедергісіз орта құруға қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету үшін «Интерактивті қолжетімділік картасы» жобасы жұмыс істейді. 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша картада 23 мыңнан астам бейімделген нысан белгіленді, бұл жалпы санның 55%-ын құрайды. Бақылаудың тиімділігі әлеуметтік инспекторлар жұмысының нәтижелерімен расталады: биыл 279 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 586 бұзушылық анықталды, 265 ұйғарым шығарылып, 45 млн теңгеге айыппұл салынды.

Медициналық-санитариялық сараптама саласында да проактивті жұмыс форматы енгізілді. Оған 60 тәуелсіз сарапшы дәрігер тартылып, 36,5 мың іс қаралды. Аурудың 30-дан астам нозологиялық нысандары бойынша мүгедектікті белгілеудің сырттай форматы енгізілді, ал ампутация немесе Даун синдромы сияқты қайтымсыз өзгерістері бар жекелеген нозологиялар бойынша автоматты режимде 31 сараптама жүргізілді. «Жыл соңына дейін біз жасанды интеллектіні қолдана отырып, өмір сүру жағдайының шектелуін бағалайтын балдық жүйеге негізделген пилоттық жобаны іске қосамыз. Бүкіл ел бойынша мүгедектік пен кәсіби еңбек ету қабілетінен айырылуды бағалау бірдей көрсеткіштер жөнен кезде адами фактордың және сарапшылардың субъективті пікірінсіз автоматты түрде белгіленетін бірыңғай стандарт енгізіледі», — деп хабарлады Светлана Жақыпова.

Президенттің тапсырмасы бойынша Семей, Тараз, Кентау және Орал қалаларында заманауи жабдықтармен жабдықталған төрт жаңа әлеуметтік оңалту орталығы ашылды. Олардың қызметтерімен 2 мыңнан астам адам қамтылған.

Әлеуметтік инновацияларға қолдау көрсетілуде: Астанада ITMLab жобасының қорытынды кезеңі өтті, оның аясында 18 команда мүгедектігі бар жандардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша әзірлемелерін ұсынды, олардың алтауы 1 млн теңгеден гранттар алды. Бұл бастама инвесторлар мен бизнестің қызығушылығын тудырып, олар болашағы зор стартаптарға әріптестік жасауды ұсынды.

Қызметтер сапасын арттыру үшін жүйелі деңгейде лицензиялау енгізілді, бүгінгі таңда 572 орталық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия алды. Бұл жосықсыз жеткізушілерді шеттетіп, негізсіз қаржыландыру мәселесін шешуге мүмкіндік берді, ал алаяқтықтың анықталған фактілері бойынша барлық материалдар тиісті органдарға жіберілді. Әлеуметтік қорғау жүйесінде барлығы 12 мыңнан астам әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді, олардың 11 мыңы оқудан өткен.

Жұмыспен қамтуды ынталанды-

ру және еңбек нарығын дамыту: жаңа жұмыс орындары және цифрлық шешімдер

Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін 3,3 млн азаматты жұмыспен қамтуды тапсырды, бүгінде бұл жоспар 73%-ға орындалды. Жыл басынан бері 480 мыңға жуық адам жұмыс тапса, оның 134 мыңы жұмыспен

қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамтылды. Бұл ретте биылдан бастап еңбек шартын жасасу және әлеуметтік төлемдерді аудару міндетті шарт болмақ. Сапалы жұмыс орындарының саны да артып келеді: бүгінде экономикада олардың саны 2,6 млн-ды құрайды, ал жоспар бойынша 2029 жылға қарай 3,8 млн-ға жеткізу көзделген.

Платформалар арқылы жұмыспен қамтуды ресімдеуге ерекше көңіл бөлінуде, олар — тапсырыс жеткізушілер (куррьерлер), такси жүргізушілері және басқа да қызмет көрсету саласының қызметкерлері. Қазірдің өзінде 2024-2025 жылдары әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде өздерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, 2,5 млрд теңгеден астам әлеуметтік төлемдер аударған 87 адамның қызметі ресімделді.

Халықтың осал топтарына қолдау көрсету жұмыстары жалғасуда. Елімізде мүгедектігі бар 119 мың адам еңбек етеді, олардың орташа жалақысы 266 991 теңгені құрады. Жұмыспен қамту бағдарламаларына 273,2 мың жас тартылды, нәтижесінде 80 мыңға жуығы жұмысқа орналастырылып, 38 мыңы тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді.

Кәсіпкерлік бастаманы дамыту үшін әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға 4 мыңнан астам грант берілді. Қаражаттың көп бөлігі технологиялық құрал-жабдықтар алуға және қосалқы шаруашылықты дамытуға жұмсалады. Сонымен қатар өткен жылы талдау нәтижесі 20% жағдайда қаражаттың тиімсіз пайдаланылғанын көрсетті: 1,3 мыңнан астам грант алушы зейнетақы жарналарын аудармаған, ал оның 500-ден астамы тиесілі сомадан аз болған. Осыған байланысты бақылау күшейтіліп, бюджетке қаражатты қайтару бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қабылданған шаралар нәтижесінде 1100-ден астам алушы міндетті зейнетақы жарналарын аударма бастады.

Сондай-ақ жұмыс орындарын субсидиялау қағидалары қайта қаралды: «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалары «Жастар практикасына» біріктірілді, жұмыс берушілерге қатысушыларды кейіннен тұрақты жұмысқа орналастыру бойынша талаптар күшейтілді.

Жұмыс орындарының ашылуын бақылау үшін «Инновациялық жобалар навигаторы» қолданылады. Жүйе 224 мыңнан астам жұмыс орнын ашу жоспарымен инвестициялық 1 424 жобаны бақылайды. Бүгінгі таңда 918 жоба белсенді кезеңде, онда 33,6 мың жұмыс орны құрылған.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі барлық жұмысты жетілген цифрлық экосистеммен қамтамасыз етіледі. Enbek.kz платформасында ЖИ көмекші 50 мыңнан астам бос жұмыс орнын өңдеді, ал 678 мыңнан астам адам курстарды таңдауға жасанды интеллект көмектесетін Skills Enbek платформасында оқудан өтті. Өндірістегі еңбек құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету: профилактикалық бақылау және әлеуметтік диалог

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау тұрақты мемлекеттік бақылау арқылы қамтамасыз етіледі. Есепті кезеңде мемлекеттік еңбек инспек-

циясы 3 514 тексеру жүргізіп, оның барысында 4 132 құқық бұзушылық анықталды және оларды жою туралы 2 287 нұсқама берілді. Нәтижесінде 277 млн теңгеден астам айыппұл салынып, 3,4 мың қызметкерге 1,1 млрд теңге жалақы берешегі төленді. Осы кезеңде барлығы 28,4 мың қызметкердің құқықтары қорғалды.

Өндірістік жарақаттар бойынша статистика тұрақты оң үрдісті көрсетіп отыр. 2025 жылдың 7 айында өндірісте жарақат алғандар саны 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11%-ға (719 адам) ал қаза тапқандар саны 14,7%-ға (93 адам) төмендеді.

Профилактикалық бақылау құралдарының бірі — «Еңбек тәуекелдерінің цифрлық картасы», ол 94,8 мың кәсіпорынға мониторинг жүргізеді. Әрбір проблемалық кәсіпорын бойынша мақсатты іс-шаралары бар кесте құрастырылады, соның нәтижесінде «қызыл аймақтағы» кәсіпорындар саны жыл басынан бері 8,9%-ға (1 715-тен 1 562-ге дейін) азайды.

Сонымен қатар кәсіби тәуекелдерді бағалау бойынша қызмет көрсететін ұйымдар санын оңтайландыру жұмыстары жүргізілді. Қажетті құрал-жабдықтары мен білікті мамандары жоқ компаниялар тізілімнен шығарылды, нәтижесінде олардың саны 162-ден 66-ға дейін қысқарды.

Әлеуметтік әріптестіктің көпдеңгейлі жүйесі де дамуын жалғастыруда. Елімізде бас келісім, 17 салалық және 200 өңірлік келісімдер, сондай-ақ 169 мыңнан астам ұжымдық шарт қолданылады.

Еңбек заңнамасы да жетілдірілуде. Парламент Мәжілісінің қарауына ең төменгі жалақы туралы ХЕҰ конвенциясын ратификациялау туралы заң жобасы енгізілді. Сондай-ақ негізгі салаларда еңбек қауіпсіздігі жөніндегі міндетті өндірістік кеңестер құру, техникалық инспекторлардың құқықтық мәртебесін бекіту, жошпардан тыс тексерулер жүргізу негіздерін кеңейту және еңбек қатынастарын декларациялау бойынша міндеттемелер белгілеу сияқты жаңа нормалар ұсынылып отыр.

Еңбекақы төлеудің тиімділігін арттыру үшін ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарын нормалау жүйесі әзірленді. Оны қолдану ауылдық елді мекендерді дамытуға, ауылға жастарды тартып, халықтың көшіп кетуін азайтуға ықпал етеді. Сондай-ақ мемлекеттік сектор ұйымдары үшін еңбекті нормалаудың бірыңғай жүйесі құрылды. Көші-қон процестерін реттеу және өңірлік даму

Еліміздің еңбек күші басым аймақтарынан жұмыс күші тапшылығы бар өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуды ынталандыру мақсатында мемлекеттік қолдаудың жаңа шаралары енгізілді. Аталған саясаттың негізгі құралы — «Экономикалық ұтқырлық сертификаты», оның аясында тұрғын үй сатып алуға шамамен 4,5 млн теңге көлеміндегі қаржылай көмек берілді. Бұл қолдау шарасын Соңғы үш жылда жұмыс күші тапшылығы бар өңірлерге қоныс аударған 6 мың отбасының жартысынан астамы пайдаланды. Қабылдаушы өңірлерде де жеке мобилді қолдау жүйесі жұмыс істейді, оның қызметтерін биыл 6 мыңнан астам адам пайдаланды. Қоныс аударушылар үшін басқа да маңызды жеңілдіктер қарастырылған: конкурстан тыс тәртіпте 5 жылға дейінгі мерзімге ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін алу құқығы және материалдық көмекті есепке алу үшін ашық шоттардан қаражат өндіріп алуға тыйым салу.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін оған енді электронды форматта өтініш беруге болады. Бір мезгілде отандастарды қолдау бойынша жұмыс жалғасуда: жаңа тетік жүзеге асырылған сәттен бастап 13 мың этникалық қазақ «қандас» мәртебесіне ие болды.

Ішкі көші-қонды ынталандыру жөніндегі бұл шаралар ішкі еңбек нарығын қорғау жөніндегі дәйекті саясатпен толықтырылады. Соңғы бес жылда шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы 25 мыңнан 17 мың адамға дейін қысқарды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖОСПАРЫ

73% —

2029 жылға дейін 3,3 МЛН азаматты жұмыспен қамту жоспары

Жыл басынан бері шамамен 480 мың адам жұмысқа орналасты

Жұмыспен қамту бағдарламаларына 273,2 мың жас тартылды

Мүгедектігі бар 6,3 мың адам қотаман жұмысқа орналастырылды

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын және өзге де тапсырмаларын жүзеге асыру

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНДЕ ЖЕТІСУДА 3 МЕДИЦИНАЛЫҚ, 3 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ АШЫЛЫП, МӘДЕНИЕТ ҮЙІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай Жетісу облысында бірқатар жаңа нысандар іске қосылды. Мәселен, Көксу ауданында «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі бірдей фельдшерлік-акушерлік пункт қолданысқа беріліп, Алакөл ауданында жаңа медициналық пункт іске қосылды. Сол сияқты Көксу ауданында «Жанұя» отбасын қолдау орталығы, Панфилов ауданында күрделі жөндеуден кейін ауылдық мәдениет үйі, Алакөл, Көксу, Панфилов аудандарында жаңа балабақшалар есігін айқара ашты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көксу ауданының Бесқайнар және Жетіжал ауылдарының тұрғындары бір күнде қатар қуанышқа кенелді. Бірінде 641 адам, екіншісінде 983 адам тұратын қос ауылда екі бірдей жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт салынып, іске қосылды. Бұған дейін аталған елді мекендерде бейімделген, ескі ғимараттарда қызмет көрсетіп келген медицина қызметкерлері енді суы жаңа нысанға көшті. Екі нысанның ерқайсысында 2-ден орта буын медицина маманы жұмыс істейді.

- Бұрын біз 1968 жылы салынған тозығы жеткен ғимаратта отырғанбыз. Бүгін, міне, халықтың игілігіне жаңа

нысан беріліп отыр. Мұнда тұрғындарға алғашқы санитарлық медициналық көмек көрсетіледі. Атап айтқанда аурудың алдын алу, скринингтік бағдарламаларды ұйымдастыру, балаларға, жүкті әйелдерге, патронаж жүргізу, профилактикалық екпелер салу.

тұрғындар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу міндеттерін атқарамыз. Бекітілген кестеге сәйкес аптасына 1-2 рет Зылиха Тамшыбаева атындағы ауылдың дәрігерлік амбулаториясынан дәрігер келіп қабылдау жүргізеді. Жаңа, жайлы, барлық жағдай жасалған ғимараттың қолданысқа берілуі өз кезегінде медициналық қызмет көрсету сапасына оң әсерін тигізеді, - дейді Бесқайнар ауылындағы ФАП фельдшері Қаламқас Жексенбинова.

Ал Алакөл ауданы Төңкеріс ауылындағы жаңа блокты-модульді медициналық пункт күніне 15 адамды қабылдауға қауқарлы. Ауыл тұрғындары жаңа нысанның ашылуын өмір сапасын жақсартуға, сапалы медициналық қызметке қолжетімділікті арттыруға бағытталған маңызды қадам деп біледі.

Ал Панфилов ауданы Тұрпан ауылындағы мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары өткен жылдан бері жүргізілген болатын. Жаңа кейіпке енген екі қабатты ғимаратта ауылдық кітапхана да орналасқан. Мәдениет үйінде өнердің түрлі бағыттарын қамтитын сегіз үйірме жұмыс жасамас. Сонымен қатар қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырып, рухани демалыс өткізуге арналған орын ретінде тұрпандықтар үшін мәдениет үйінің маңызы зор.

- Өзім осы ауылдағы Сатай батыр атындағы мектепте музыка пәнінен

сабақ бердім, қазір зейнеткермін. Ауылдағы мәдениет үйі тозғандықтан ұзақ жылдан бері пайдаланылмай тұрды. Сондықтан мәдени іс-шаралар өткізуде біршама қиындықтар болды. Енді, міне, ескі ғимаратқа күрделі жөндеу жасалып, жаңарып, пайдалануға беріліп отыр. Ауылдың мәдени өмірі жанданатын болды. Осы жаңа ғимаратта домбыра, би, басқа да үйірмелер ашылып, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалатыны, жастардың бос уақытын пайдалы өткізетіні қуантады, - ауыл тұрғыны Жамал Есенова.

Мерекке қарсаңында жұмысын бастаған тағы бір жаңа нысан - Көксу ауданындағы «Жанұя» отбасын қолдау орталығы. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар анықтау мен оларға қолдау көрсету мақсатындағы мұндай орталықтар облыстың аудан-қалаларында 2023 жылдан бері ашыла бастаған болатын. Яғни бұл орталық - өңірдегі осындай 9-шы нысан. Бұған дейін биыл «Жанұя» орталығы Ескелді ауданында ашылса, алдағы уақытта Ақсу ауданында ашылады деп жоспарланған. Жалпы, жыл басынан облыстағы «Жанұя» отбасын қолдау орталықтарына 161 отбасының 408 мүшелері тіркеліп, оларға психологиялық және әлеуметтік көмектер жан-жақты беріліп, қажетті қолдау түрлері көрсетілген.

Сондай-ақ Алакөл ауданы Үшарал қаласында, Панфилов ауданының Үшарал ауылында және Көксу ауданы Көксу станциясында жалпы саны 375 орынды үш балабақша жұмысын бастады.

Осындай жұмыстардың арқасында өңірде әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының жаңару деңгейі жыл соңына дейін 55,8%-ға жетеді.

Фотосуреттердің авторы: Жұмабай Мұсабеков және фотосуреттерді қала-аудан әкімдіктері ұсынады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА 3 МЕКТЕП КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН KEЙІН ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ



Жаңа оқу жылында Жетісу облысында 3 білім нысаны күрделі жөндеуден кейін есігін айқара ашты. Жалпы оқушы орны 2300-ден асатын бұл мектептерге күрделі құрылыс алғаш рет жүргізілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Соның ішінде Қаратап ауданы Тастөбе ауылындағы Жамбыл атындағы мектептің ашылуына арнайы барған облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов өңірде 6 жаңа мектептің құрылысы мен 8 білім мекемесінің күрделі жөндеуден өтіп жатқаны туралы айтты.

- «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында былтыр Панфилов ауданының Жаркент қаласында 1200 орындық мектеп ашылса, биыл осы жобамен Алакөл ауданының Достық ауылында 600 орындық мектеп іске қосылады. Сонымен қатар 6 жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде, соның 3-еуі биыл қолданысқа беріледі. Атап айтқанда, жуырда Панфилов ауданының Талды ауылында мектеп ашылды, ал Ақсу және Кербұлақ аудандарында екі жаңа мектеп іске қосылады, - деген облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов мұғалімдер мен оқушыларды, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

- Жамбыл атындағы мектеп ғимараты 1980-жылдардың ортасында салынған. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгенімен, күрделі жөндеу алғаш рет жасалып отыр. Тұрғындар осы күнді асыға күтті. Мектеп заманауи жабдықтармен толықтай қамтылған. Физика кабинеті жаңа зертханамен жабдықталып, STEM кабинеті ашылды. Өзім осы мектепте 30 жыл еңбек еттім. Мектептің жаңарып, білім алуға қолайлы жағдай жасалғаны - біріміз үшін үлкен мереке. Жаңа оқу жылында оқушылар мен мұғалімдерге тек сәттілік тілеймін, - деп пікірін білдірді Тастөбе ауылының тұрғыны, білім беру саласының ардагері Мырзахан Жебегенов.

Осы күні сонымен қатар Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылындағы орта мектеп пен Ақсу ауданының Жансүгіров ауылындағы Қ. Сатпаев атындағы орта мектеп-гимназиясының ғимараты да жөндеуден кейін жаңарып, қолданысқа берілді. Атап өтсек, 1950-1960 жылдары салынған бұл мектептерде де күрделі жөндеу алғаш рет жүргізіліп отыр. Жалпы аталған үш мектепте биылғы оқу жылында 1800-ге жуық бала оқиды.

Қарабұлақ ауылындағы орта мектептің 11 «а» сынып оқушысы Еспебаева Балжан:

- Мен мектебіміздің президентімін. Биыл мектеп қабырғасындағы соңғы жылында жаңа ғимаратта оқитыныма қуаныштымын. Мектебіміз жөндеуден кейін жаңа, әдемі бола түсті. Құрбы-құрдастарыма он бірінші сыныпта жақсы оқып, үлкен жетістіктерге жетуіне тілектеспін, - деді ол.

Жалпы алғанда, жаңартылған үш мектеп те заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мектептерде пәндік кабинеттер, IT-сыныптар, спорт және акт залдары, кітапханалар мен зертханалар, ашық стадион, сапалы білім беруге, тиімді оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті барлық жағдайлар қарастырылған. Биыл Жетісу облысында 315 жалпы білім беретін мектепте шамамен 131 мың оқушы білім алады, соның 11 514-і бірінші сынып оқушысы.

Фотосуреттердің авторы: Жұмабай Мұсабеков, Серік Қантаев, сондай-ақ суреттерді Ақсу ауданының әкімдігі ұсынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ



2025 жылдың 28 тамыз күні Қарабұлақ ауылының ДШСК-нің үлкен футбол алаңында Қазақстан Республикасының «Спорт күні» кәсіби мерекесіне арналған шара кең көлемде аталып өтті. Мерекелік іс-шара барысында аудан әкімі спорт саласының да-
муына елеулі үлес қосқан ардагерлер мен спорт қызметкерлерін алғыс хаттармен марапаттады. Сонымен қатар мереке аясында әртүрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 2012 жылы туылған жасөспірімдер арасында футболдан, жасөспірім қыздар арасында волейболдан және 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында қол күресінен сайыстар өткізілді. Жарысқа қатысушылар өздерінің спорттық шеберліктерін көрсетіп, белсенділік танытты. Жеңімпаз командалар мен үздік спортшылар кубоктармен, медальдармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бұл шара спорттың маңыздылығын насихаттап, жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыруға бағытталды.

Г.ОМАРОВА,
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізудің дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Ескелді ауданы, 2025 жылдың тамызы — Республика көлемінде «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының бастамасымен ұйымдастырылған «Job Fair» форматындағы ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесі Ескелді ауданында да өз жалғасын тапты. Іс-шара «Жастарға жұмыс» жобасы аясында өтті.

Жәрмеңке Ескелді ауданының орталық алаңында өтті. Ұйымдастырушылар қатарында «AMANAT» партиясының Ескелді аудандық филиалы мен аудандық мансап орталығы бар. Іс-шараның басты мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, студент жастарды маусымдық және тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы еңбекке баулу.

Жәрмеңкенің ресми ашылуында Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Байұзақова Жанар Қанатқызы мен Ескелді аудандық мәслихатының төрағасы Сатанов Қанат Нүсіпжанұлы сөз сөйлеп, қатысушы жастарға сәттілік тіледі.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған «Өділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында айтылған 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялауымен үндесіп отыр. Бұл – еліміздегі техникалық және жұмысшы мамандықтарының маңызын арттыруға бағытталған нақты қадам.

Жәрмеңкеге аймақтың түрлі кәсіпорындары мен мекемелері қатысып, жастарға жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ұсынды. Қатысушылар өздерін қызықтырған салалар бойынша тікелей жұмыс берушілермен сұхбаттасып, жұмысқа орналасу шарттарымен танысты.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕШЛІ



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Қазақстан – ұлан-ғайыр даласы, асқар таулары, мөлдір өзен-көлдері мен баға жетпес табиғи байлығы бар киелі мекен. Осындай қасиетті жерімізді таза сақтау – әр азаматтың парызы. Бүгінгі таңда елімізде қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы – табиғатты аялау мен ел болашағын қорғауға бағытталған үлкен қадам.

Ескелді ауданы соңғы жылдары ерекше қарқынмен дамып, тазалық пен көркейту жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Ел Президенті бастамашы болған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аудан халқы табиғатты аялауға, туған жерін таза ұстауға өз үлесін қосуда.

2025 жылдың көктемінде бастап аудан көлемінде көптеген сенбіліктер мен экологиялық шаралар ұйымдастырылды. Әсіресе, Ескелді би кесенесі маңында өткен ағаш отырғызу акциясы – жас ұрпаққа тағылымды тәрбие берудің жарқын үлгісі болды. Қоғамдық орындар, көше бойлары мен демалыс алаңдары көгалдандырылып, жаңа гүлзарлар мен отырғызылған жасыл көшеттер аудан көркін аша түсті.

Аудан тұрғындары, мектеп оқушылары, мемлекеттік қызметкерлер, жастар мен еріктілер – барлығы тазалық ісіне жұмыла кірісті. Бұл тек сенбілік ғана емес, ұрпаққа үлгі боларлық экологиялық мәдениет қалыптастыру шарасына айналды.

Мұндай игі істер Ескелді ауданының жарқын болашағына жол ашады. Табиғатты аялау, туған өлкені көркейту – әр азаматтың парызы. Сондықтан «Таза Қазақстан» аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ескелді – тек тарих пен табиғат мекені ғана емес, сонымен қатар тазалық пен тұрақтылықтың символына айналып келеді.

М.Әлбосынова

ФУТБОЛДАН, ВОЛЕЙБОЛДАН, ҚОЛ КҮРЕСТЕН «ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ АШЫҚ БІРІНШІЛІГІ»



2025 жылдың 28 тамыз күні Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында футболдан, волейболдан және қол күрестен 2010-2011, 2012 ж.т. және 18 жасқа дейінгі жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында «Спорт күні» кәсіби мерекесіне орай Ескелді ауданының ашық біріншілігі өтті.

Аталған жарысқа 23 командада 256 спортшы қатысты. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің футбол командасы 1 орын, волейбол командасы 3 орын, қол күрестен ұлдар командасы 2 орын, қыздар командасы 1 орын иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: БОЛАТБЕК МӘДИ, ЖАНАТ ЕЛДОС, МИТРОХИН ОЛЕГ. ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

ПРИНЦИПЫ ХАССП



Обучение ХАССП специалистов пищевых предприятий и общественного питания

ХАССП – это свод правил организации производственной деятельности на основе 7 принципов, гарантирующий обеспечение на выходе качественного и безопасного для потребителя продукта. Для достижения конечной цели, обеспечение людей безопасными продуктами питания, принципы ХАССП должны соблюдаться всеми предприятиями, через которые продукт проходит путь от состояния сырья к потребителю.

Управление предприятием и обеспечение надлежащего качества продуктов по принципам ХАССП имеет несколько направлений:

- анализ, исследование рисков и опасных факторов, их непосредственный контроль;
- выявление критических контрольных точек в производстве с целью их проверки, регуляции и управления, а также минимизации и устранения возникающих рисков;
- определение критически возможных пределов параметров и их контроль;
- мониторинг процессов;
- корректирующие мероприятия, внедрение эффективных способов проверки для улучшения функционирования всей системы;
- разработка системы регистрации данных;
- ведение документации и оценка эффективности.

Внедрение принципов ХАССП на производстве

Внедрение ХАССП в производственный процесс состоит из «12 шагов». Поэтапный алгоритм из 12 пунктов описывает последовательность действий для эффективного перевода работы предприятия в соответствие с ХАССП.

- 1.Создание группы ХАССП.
- 2.Описание сырья и готовой продукции.
- 3.Определение ожидаемого использования продукта.
- 4.Построение блок-схемы технологического процесса.
- 5.Подтверждение схемы технологического процесса на объекте.
- 6.Анализ потенциальных опасностей.
- 7.Определение критических контрольных точек критических контрольных точек (ККТ).
- 8.Установление критических пределов для каждой критических контрольных точек .
- 9.Разработка системы мониторинга для каждой критических контрольных точек.
- 10.Разработка плана коррекции и корректирующих действий.
- 11.Установление процедур верификации (проверки).
- 12.Ведение учетной документации и ревизионные проверки.

Е. Сейсембинов
Руководитель
Ескельдинского районного
Т. Жакишев
УСЭК Главный специалист

ЧТО ТАКОЕ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЙ КОНТРОЛЬ?

Индивидуальные предприниматели и юридические лица, осуществляющие деятельность на объектах, подлежащих контролю и надзору в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, разрабатывают, документально оформляют, внедряют и поддерживают в рабочем состоянии эффективную систему производственного контроля.

Обеспечение производственного контроля (Кодекс РК О здоровье народа и системе здравоохранения статья 51), возлагается на индивидуального предпринимателя или руководителя юридического лица.

Обеспечение своевременности, полноты и достоверности осуществляемого производственного контроля возлагается на лиц, назначаемых индивидуальным предпринимателем или юридическим лицом.

Целью производственного контроля является обеспечение безопасности и (или) безвредности для человека продукции, работ и услуг путем организации и проведения на объекте самоконтроля за соблюдением требований нормативных правовых актов в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

Производственный контроль включает в себя:

- 1) разработку программы производственного контроля;
- 2) осуществление (организацию) лабораторных исследований и замеров в соответствии с требованиями нормативных правовых актов в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения;
- 3) контроль за своевременностью и полнотой прохождения медицинских осмотров;
- 4) контроль за наличием документов, подтверждающих безопасность и соответствие продукции;
- 5) оценку факторов риска, анализ выявленных опасностей, критериев безопасности и (или) безвредности факторов производственной и окружающей среды и определение методов контроля безопасности процессов;
- 6) ведение учета и отчетности документации, связанной с осуществлением производственного контроля;
- 7) разработку схемы информирования населения, местных исполнительных органов, государственного органа в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения об аварийных ситуациях, остановках производства, нарушениях технологических процессов, о связанных с деятельностью объекта массовых (три и более случаев) инфекционных и паразитарных, профессиональных заболеваниях и отравлениях, создающих угрозу санитарно-эпидемиологическому благополучию населения;
- 8) контроль за выполнением мероприятий, предусмотренных программой производственного контроля.

Разработка программы производственного контроля осуществляется индивидуальным предпринимателем, юридическим лицом самостоятельно или с привлечением лиц, осуществляющих санитарно-эпидемиологический аудит.

Программа производственного контроля подлежит пересмотру при внедрении новой технологии, внесении изменений в технологический процесс, рецептуру пищевого продукта, других изменениях, влияющих на стабильность санитарно-эпидемиологической ситуации и (или) создающих угрозу санитарно-эпидемиологическому благополучию населения.

Требования к осуществлению производственного контроля устанавливаются в санитарных правилах, утверждаемых государственным органом в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель
Ескельдинского районного УСЭК
Т. ЖАКИШЕВ,
Главный специалист

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА КӨЛІК САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН МӘМС БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Талдықорған қаласы әкімдігінде Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының такси, жеткізу қызметтері мен автопарктер өкілдерімен кездесуі өтті.

Іс-шараның мақсаты – көлік саласы қызметкерлерінің МӘМС жүйесі туралы хабардарлық деңгейін арттыру.

Кездесу барысында Қор қызметкерлері МӘМС жүйесінің негізгі артықшылықтарын жан-жақты түсіндіріп жүйеге қатысу тәртібі, сондай-ақ сақтандырылған азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы айтып берді.

Ерекше назар жұмыс берушілердің өз қызметкерлері үшін МӘМС жарналары мен аударымдарын уақытылы төлеуінің маңызына аударылды.

«МӘМС жүйесіне қатысу азаматтарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС пакеті аясында кең көлемді медициналық қызметтерге, соның ішінде қымбат тұратын диагностикалық, емдік және оңалту қызметтеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді», - деп атап өтті Қор филиалы директорының орынбасары Арыстанбек Өтеғұлов.

Сондай-ақ кездесу барысында қатысушыларға 2025 жылғы 14 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған МӘМС туралы заңға енгізілген соңғы өзгерістер таныстырылды. Жаңартылған заңнаманың негізгі ережелері мен оның халық үшін артықшылықтары талқыланды.

Кездесу соңында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды. ӘМСҚ филиалының қызметкерлері барлық мәселелерге түсініктеме беріп, алдағы уақытта туындайтын сұрақтар бойынша кеңес беруге дайын екендіктерін білдірді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ФИЛИАЛ ФСМС ПО ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ВСТРЕТИЛСЯ С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ ТРАНСПОРТНОЙ СФЕРЫ



В акимате г. Талдықорған состоялась встреча филиала Фонда социального медицинского страхования по Жетісу с представителями служб такси, доставки и автопарков региона.

Цель мероприятия - повышение информированности работников транспортной сферы о системе обязательного социального медицинского страхования.

В ходе встречи сотрудниками Фонда были подробно разъяснены основные аспекты системы ОСМС, включая её преимущества, порядок участия, а также права и обязанности застрахованных лиц.

Особое внимание было уделено важности своевременной уплаты взносов и отчислений на ОСМС работодателями за своих работников, а также для самозанятых граждан, в числе которых часто оказываются водители такси и сотрудники служб доставки.

«Участие в системе ОСМС даёт доступ к широкому спектру медицинских услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и пакета ОСМС, включая дорогостоящую диагностику, лечение и реабилитацию», - подчеркнул заместитель директора филиала Фонда по области Жетісу Арыстанбек Утеғұлов.

Также в ходе встречи участникам были представлены последние нововведения в закон об ОСМС, подписанные Главой государства 14 июля 2025 года. Обсуждались ключевые положения обновленного законодательства и их преимущества для населения.

В завершение встречи участники получили ответы на интересующие их вопросы. Сотрудники филиала ФСМС предоставили подробные ответы, разъяснив все спорные моменты и предложив консультационную поддержку по возникающим вопросам в будущем.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования»

«БЖЗҚ» АҚ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ 98% ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА КӨРСЕТІЛЕДІ

Соңғы жылдарда «БЖЗҚ» АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) цифрлық форматта көрсетілетін қызметтеріне салымшылар тарапынан қызығушылық артып келеді. Себебі олар тәулік бойы қолжетімді. Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есептеледі.

01.01.2025ж. мен 31.07.2025ж. аралығында Қор халыққа шамамен 27,9 млн қызмет көрсетті. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 15,6 млн-ы электрондық форматта, 11,4 млн қызмет автоматты түрде жүргізілді.

Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,0%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға шамамен 565,8 мың қызметті жүзбе-жүз көрсетті, оның ішінде 555,1 мыңы тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын (НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны – 1,0 млн.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет

санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан шамамен 17,2 млн үзінді көшірме берілді. Оның 14,3 млн-ы – электрондық, ал 2,4 млн қызмет автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты «БЖЗҚ» АҚ аты-на тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинет-тен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ)

жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген жерінен тәулік бойына қолжетімді.

2025 жылдың қаңтар-шілде айларында деректемелерді өзгертуге 82,1 мың өтініш қабылданды. Оның 77,6 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында шамамен 29 613 көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған шамамен 608,2 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 25,9 мыңнан астам материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны 314,9 мыңға жетті.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайты-нан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Бүгінгі күні жалпы қоғамның негізгі мәселелерінің бірі — есірткі. Ықылым заманнан бері адамзат баласы осы індетпен күресіп келеді.

Қазақстан да есірткіге қарсы күресте мемлекеттік саясат жүргізіп, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің бағдарламасын іске асыруда.

Нашақорлық — әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті. Есірткі-бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық жиілігіне ұшыратады, есірткісіз өмір сүре алмайтын халге түсіреді.

Есірткі адам өміріне кері әсер етіп, отбасынан, қоғамнан алыстатады. Есірткіге тәуекелділіктің соңы қылмысқа алып барады.

Жастар арасындағы есірткіге әуестік көбінде білместіктен басталады. Нәтижесінде есірткіге ағзаның тәуелділігі қалыптасады. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, отбасындағы тәрбие құндылығын арттыру арқылы ұрпағына зиянды әрекеттер туралы кеңінен ақпарат беріп, саламатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсіндіріп отырғаны айзал.

Қорыта айтсақ, адамға берілген құндылық – өмір болса, сол өмірді дұрыс сүру, тәрбиелі ұрпақ есіріп, елге адал қызмет ету маңызды болып қала бермек.

«Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ВАШ ВЫБОР: ПЕНСИОННЫЕ ВЫПЛАТЫ ИЗ ЕНПФ ИЛИ ИЗ СТРАХОВОЙ КОМПАНИИ

Что нужно знать о пенсионном аннуитете?

Казахстанцы, имеющие пенсионные накопления (ПН) в ЕНПФ, могут выбрать способ получения пенсии: по графику из ЕНПФ до исчерпания средств, пожизненно через страховую компанию или используя комбинацию вышеуказанных вариантов. Для получения стабильных ежемесячных выплат на протяжении жизни или гарантированного периода оформляется договор пенсионного аннуитета со страховой компанией.

Что такое пенсионный аннуитет?

Пенсионный аннуитет - это договор между гражданином и компанией по страхованию жизни, по которому страховая компания обязуется выплачивать ежемесячно пенсию пожизненно или до определенного возраста.

На данный момент на страховом рынке Казахстана существуют следующие виды пенсионного аннуитета: немедленный пенсионный аннуитет, по которому выплаты начинаются сразу после заключения договора, отложенный пенсионный аннуитет, при котором выплаты начинаются не сразу, а через определённое время, обозначенное в договоре (данный вид аннуитета позволяет увеличить размер будущих выплат за счёт инвестирования средств в период отсрочки), совместный (супружеский) пенсионный аннуитет, объединяющий ПН двух лиц для получения пожизненных выплат (в случае смерти одного из участников второй продолжает получать выплаты).

Условия для заключения договора аннуитета:

-достижение соответствующего возраста. Возраст, с которого гражданин может заключить договор аннуитета, зависит от типа аннуитета и наличия обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ):

- Немедленный пенсионный аннуитет мужчинам может оформить с 55 лет, женщины – с 53 лет (с 2028 года женский возраст будет постепенно увеличиваться и к 2031 году достигнет 55 лет). При наличии ОППВ, уплаченных в период не менее 60 месяцев, немедленный пенсионный аннуитет можно приобрести еще раньше – с 50 лет и мужчинам, и женщинам (выплаты по немедленному аннуитету во всех случаях осуществляются сразу после заключения договора).

- Отложенный аннуитет оформляется вкладчиками обязательных пенсионных взносов (ОПВ) независимо от пола с 45 лет, а представителями вредных и опасных профессий, за которых оплачены ОППВ не менее 60 месяцев, - с 40 лет. Выплаты по отложенному аннуитету во всех случаях начнутся с 55 лет.

-наличие достаточной суммы ПН, обеспечивающей страховую выплату в размере не ниже 70% от величины прожиточного минимума (ПМ), установленной на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете. В 2025 году для получения минимальной ежемесячной выплаты в размере 32 360 тенге, что составляет 70% от ПМ, требуется не менее 9,1 млн тенге для мужчин и 11,9 млн тенге для женщин.

Если ПН за счет ОПВ и (или) ОППВ недостаточно для оформления аннуитета, можно использовать накопления за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Если накоплений не хватает даже с учетом суммы всех видов взносов, то можно оформить совместный аннуитет с супругом (-ой) или близкими родственниками (родителями, детьми, усыновителями (удочеренными), усыновленными (удочеренными), полнородными и неполнородными братьями и сестрами, дедушками, бабушками, внуками) или дополнить сумму за счет собственных средств.

Ключевые особенности пенсионного аннуитета:

1.есть возможность получать пенсионные выплаты раньше наступления официального пенсионного возраста;

2.выплаты производятся до конца жизни/гарантированного периода даже в том случае, когда их сумма превысит размер переведенных накоплений в страховую организацию;

3.ежегодно размер пенсии индексируется на 7%;

4.получатель страховых выплат при покупке пенсионного аннуитета передает права собственности накоплений страховой компании, то есть он не сможет их использовать на альтернативные нужды, в случае его смерти накопления не смогут унаследовать родственники (тогда как пенсионные накопления в ЕНПФ наследуются). При этом в рамках договора пенсионного аннуитета можно предусмотреть гарантированный период гарантированных выплат, в течение которого определенные выплаты будут перечисляться сначала получателю, а в случае его смерти – наследникам.

Порядок заключения договора. Ограничения по расторжению/изменению договора

Договор пенсионного аннуитета заключается в письменной форме. Основанием для заключения договора пенсионного аннуитета является заявление в страховую организацию вкладчика (вкладчиков) ОПВ и (или) физического лица, за которых перечислены ОППВ, содержащее данные, необходимые для расчета страховой премии и идентификации страхователя (застрахованного). Более полную информацию о перечне необходимых документов и способах подачи вы можете получить на сайте ЕНПФ в разделе «Услуги – Пенсионный аннуитет».

В течение двух лет с момента заключения договор пенсионного аннуитета не подлежит расторжению или изменению. По истечении этого срока, несмотря на возможность внести изменения в договор, вернуть все средства на счет в ЕНПФ не представляется возможным: в страховой организации должна остаться сумма, обеспечивающая пожизненно размер ежемесячной страховой выплаты не ниже 70% от величины ПМ, действующего на дату внесения изменений.

Расторжение договора по истечении двух лет возможно только при условии заключения нового аннуитетного договора с другой страховой компанией. При этом средства переводятся в новую страховую организацию.

Рассчитать сумму, достаточную для перевода в страховую компанию, а также сравнить размеры предполагаемых выплат из страховой компании и из ЕНПФ можно с помощью пенсионного калькулятора, размещенного на сайте enpf.kz в разделе «Онлайн сервисы - Прогнозный пенсионный калькулятор».

Прежде чем заключать договор, важно внимательно ознакомиться с его условиями, чтобы принять обоснованное и осознанное решение.

СПРАВКА: По состоянию на 01.01.2025 г. в течение 2024 года 62 592 вкладчика перевели из ЕНПФ в страховые организации пенсионные накопления на сумму 394,54 млрд тенге. За 6 месяцев текущего года по состоянию на 01.07.2025 г. 33 543 вкладчика направили в страховые организации 151,78 млрд тенге из ЕНПФ.

ЕРЛІГІ ЕРЕН – БАТЫР ТҰЛҒА

Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай

«Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деп ақиық ақын Жұбан Молдағалиев жырлағандай, қазақ халқы талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткерді. Кең байтақ, ұланғайыр даламызды жаудың уысына түсірмей, аяғына таптаптай, осы күнге дін аман жеткізгені, біздің ержүрек, батыр бабаларымыздық Отан алдындағы көрсеткен ерліктерінің арқасы деп білеміз. Қазақтың сайын даласына көз тігіп, қызығып, жаулап алғысы келген азулы дұшпандардың болғаны тарихтан белгілі.

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді. Отанын қорғау үшін жан аямай шайқасқан, кеудесін отқа тосқан батырларымыз атойлап қол бастады

1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы қазақстандық әрбір отбасын қарпыды. Миллиондаған адам әскерге, еңбек армиясына шақырылды, жүздеген мың жауынгер ұрыс даласынан қайтпай қалды, қапыда қолға түскендері неміс тұтқынында азап шекті. Жауды талқандап, елге аман-есен жеткендері майданда жоғалтқан денсаулықтарын қалпына келтіре алмай, тән азабын бастан кешті.

Соғыстың бірінші күнінен Қазақстан халқы фашизмді жеңуге бар күшін жұмсады. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін сын сағаты туғанын ұғынып, бір-ақ сәтте ширығып алды. Қазақстаннан әскерге аттанғандар Брест қамалын қорғаушылар ішінде де Москва мен Сталинград түбіндегі шайқастарда да, Ленинградты қорғауда да, Украинадағы партизан қозғалысында да, Еуропаны жаудан азат ету кезінде аянбай соғысты. Ұлы Отан соғысында 500-ге жуық қазақстандық жауынгерлер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Соның бірі халқымыздың асыл перзенті, жазушы, қазақ рухани-яты мен әскери тарихындағы тұлға Кеңес Одағының Батыры – Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы сұрапыл соғысты басынан аяғына дейін өткерген, қаны мен терін төккен, от пен оқтың ортасында қан кешкен, батальон командирі, қаһарман қолбасшы. Ұлы Отан соғысы жылдарында басқарған бөлімшелері қиян-кескі шайқастарда асқан батырлық пен табандылық танытты. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқас – оның есімін тарих төріне шығарып, халық жүрегіне мәңгі қондырған ұлы ерлік кезеңі болды. Қарша бораған оқ пен оқпанға айналған майдан даласында қазақтың қайсар ұлы елін қорғап, Отан алдындағы адалдықтың үлгісін көрсетті. Әскери дарыны мен қолбасшылық қабілеті арқасында ол әскерді темірдей тәртіпке бағындырып, жауынгерлерінің рухын көтере білді. Ол дивизия басқарып жүріп, қол астындағы әскерлердің әрбірінің тағдырына әкесі сынды алаңдады. Бірде-біреуінің босқа оққа ұшпауын ойлады. «Кез-келген шығынның орнын толтыруға болғанымен, бірақ адам шығынының орны толмайды» деген еді ол. Соғыс өртінде жүріп, келешек ұрпағының да батыр болуын тіледі. «Өз тілін, өз ділін, салт-дәстүрін құрметтеуге шақыратын қайраткерлік ойларын айтып, майданнан сәлем жолдап, Қазақстан Республикасын басқарып отырған азаматтарға сол қағидаларды аманат етті.

Бауыржан Момышұлы адамды жақсы таныған. Ол жүректегі сырды білгіш адам. Өзіне бағынышты адамның кілт еткен мінезі, ауыздан шыққан сөздің түрі, көздің құрылысы адам қашып құтыла алмайды. Бірақ қазақтың жауынгерлері мен офицерлері оны ақсақал деп атаған.

Бауыржан Момышұлының жауынгерлерге қазақ тілінде бұйрық бергені, оның қысқаша

бұйырып айтқан сөздері үкім тәрізді, қатал нық естіледі екен. Сұсты бет-келбеті, беті тікірейген қайратты шаштары мен кең маңдайы, отты жанары қос қанатын қомдап ұшуға дайын отырған қыран бүркітті елестетеді. Сан алуан талант пен адами қасиеттерді бір бойына тұтас жинаған қазақтың нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматы еді. Қазақ және орыс тілдерін бірдей еркін меңгерген ол сөзге шешен және ұтқыр ойға тапқыр болатын.

Бауыржан Момышұлы тек майдан даласында ғана емес, бейбіт өмірде де халқына адал қызмет етті. Соғыстан кейінгі жылдары ол өзінің көрген-білгенін, тәжірибесін кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат етті. Оның қаламынан туған «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Соғыс психологиясы» еңбектері-әдеби мұра ғана емес, ұлт тәрбиесінің асыл қазынасы. Әсіресе «Ұшқан ұя» атты кітабы арқылы батыр өз әжесі мен анасының тәлім-тәрбиесін, қазақы салт-дәстүрді, отбасы құндылықтарын айшықтап көрсетті.

«Мәскеу үшін шайқас» атты кітабы – бұл нағыз ерлік кітабы. Оның ішінде тактика да, тәжірибе де, ұрыс та, ұтыс та бәрі де бар. Соғыс тақырыбына сұраныс, оның ішінде өзінің ұрыста басынан кешкен хикаяларын білуге деген құмарлық көп екенін, сондықтан жазушылық даңқын да бірден шығаратынын біле тұрып, қаламгерлік жолын басқа тақырыптан бастады. Бұл – жеңіс кітабы. Әр тарауы – әскери ғылым. Осыны ескерсек, Б.Момышұлын әскери ғылымның нағыз білгірі деуге болады. Бұл шығармалары жас ұрпаққа өнеге боларлық тағылымды туынды бола қала бермек.

Бауыржан Момышұлы – халқымыздың мақтанышы, ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ. Оның қаһармандығы – мәңгілік, есімі – өшпес, өнегесі – өлмес мұра.

Г.ШАЙМУХАНБЕТОВА,
Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі

ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ О ВСЕОБЩЕМ ДЕКЛАРИРОВАНИИ

С 1 января 2025 года освобождаются от обязательного декларирования те граждане, кто не попал в первые три этапа декларирования:

пенсионеры работники частных компаний студенты домохозяйки и другие (если у них нет активов и счетов за рубежом).

Кто обязан подать декларацию формы (250.00)?

Кандидаты на выборные/госдолжности и их супруги

Претенденты на статус крупных участников банков, страховых организаций и рынков ценных бумаг их супруги

Лица занимающиеся частной практикой (нотариусы, адвокаты и др.)Владельцы цифровых активов

Владельцы зарубежного имущества, в т.ч.:

недвижимость, авто, счета в банках доля в иностранной компании

ценные бумаги, цифровые активы брокерские счета интеллектуальная собственность задолженности (если есть подтверждение)

Другое имущество стоимость которого превышает 1000 МРП (в 2024 году это 3 692 000 тг) — нужно указать в декларации.

Что ещё изменилось?

Теперь можно не сдавать декларацию об активах и обязательствах иностранным лицам или лицам без гражданства, являющимися нерезидентами РК

Расширен перечень активов для декларирования

Допущены новые формы подтверждения долговых обязательств

Обновлены требования по стоимости имущества и срокам оценки

Также декларацию формы 270.00. обязаны сдавать:

Все госслужащие и приравненные лица, и их супруги

Руководители и владельцы >10% в юрлицах/АО

Лица, получившие доходы подлежащие самостоятельному налогообложению

Владельцы цифровых активов

Лица, купившие имущество свыше 20 000 МРП (в 2025 году — 78,6 млн тг)

И другие

Как подать декларацию?

Онлайн:

cabinet.salyk.kz

egov.kz

Приложения: e-Salyq Azamat, eGovmobile, moldir.qoldau.kz, Kaspi, HALYK, BCC

-Бумажно:

- органы госдоходов

-ЦОН

-По почте заказным письмом

С уважением, Управление государственных доходов Ескельдинского района!

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1293 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ